

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Менің осындай болғаным қандай жақсы!»

Мақсаты: Оқушыларды мектеп өміріне бейімдеу, өз-өзіне деген сенімділігін арттыру, оқу процесіне қызығушылығын қалыптастыру, жағымды көңіл-күй орнату.

Өткізілген күні: 2026 жылдың 17 қыркүйек

Қатысушылар: 1а сынып оқушылары

Тренинг барысы:

Тренинг барысында оқушылардың көңіл-күйін, өзін-өзі қабылдауын және мектепке деген оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған түрлі жаттығулар орындалды:

- «Менің атым... Мен өзімді сүйемін...» – өз атын айтып, өзін жақсы көретін қасиеттерімен бөлісу арқылы өзін-өзі тануға және жағымды "Мен" бейнесін дамытуға бағытталды.
- «Көңіл-күй неге ұқсас?» – оқушылар өз көңіл-күйлерін табиғат құбылыстарымен немесе заттармен салыстырып, эмоцияны білдіру қабілетін арттырды.
- «Оқушы болу деген не?» – оқушылар мектептегі өз рөлін түсініп, оқушының міндеті мен мақсатын ұғынды.
- «Көңіл-күйімізді суреттейміз» – түрлі түстер арқылы өз сезімдерін бейнелеу арқылы эмоциялық жағдайын білдірді.
- «Тамаша күн үшін рахмет» – қорытынды бөлімде балалар өз әсерлерімен бөлісіп, ризашылық білдіріп, жағымды эмоциялармен тарады.

Нәтижесі:

Тренинг нәтижесінде оқушылардың өз-өзіне сенімділігі артты, сыныпта достық, жылы атмосфера қалыптасты. Балалардың көңіл-күйлері көтеріліп, мектеп өміріне деген қызығушылығы байқалды.

Қорытынды:

«Менің осындай болғаным қандай жақсы!» атты тренинг 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін жеңілдетіп, эмоциялық қолдау көрсету мақсатында сәтті өткізілді.



Мектеп психологы А.Б.Кемелова